



201__ жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

«__» _____ 201__ года

№ _____

№ _____

№ _____ данасы

экз. № _____

№ исх: 17-33/642 от: 24.03.2017

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2017 жылғы 23 ақпандағы № ДС-55

Құрметті депутаттар!

Сіздің кәсіпорындарда жылжымалы құрамды жөндеу жүргізу бөлігінде жұмыс орындарын сақтау мен құруға қатысты сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Бүгінгі күні, Қазақстандағы локомотив паркінің негізгі операторы «Қазақстан темір жолы» АҚ шамамен 1 500 бірлік локомотивтерді пайдалануда. Бұл ретте, қазіргі уақытта локомотив жөндеу көлемі төмендеуінің бірінші кезекте локомотив паркінің жаңаруымен байланысты, бұл жөндеу жұмыстарына қажеттіліктің қысқаруына алып келуде.

Жер қойнауын пайдаланушылардың карьерлік локомотивтеріне күрделі жөндеу жұмыстарына отандық кәсіпорындардың қатысуына байланысты Инвестициялар және даму министрлігі жер қойнауын пайдаланушылардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту бойынша мониторингін жүргізетіндігін хабарлаймыз.

Аталған министрліктің ақпараты бойынша 2016 жылы және 2017 жылғы қаңтар, ақпан кезеңі бойынша конкурс қорытындысы бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың жылжымалы құрамын жөндеу және қызмет көрсету бойынша жұмыстар мен міндеттерді орындаушылар ретінде отандық кәсіпорындар белгіленген. Бұл қосымша жұмыс орындарын сақтап қалуды және құруды, оның ішінде жоғары білікті техникалық кадрларды сақтауды қамтамасыз ету мүмкіндігін берді.

Тұтастай алғанда, мемлекеттік органдар отандық кәсіпорындарды қолдау жөніндегі жұмысты тұрақты негізде жүргізуде.

Б. Сағынтаев